

## ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚЫТАЙ МӘТІНДЕРІ АРҚЫЛЫ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

\*Сеитова Г. А.<sup>1</sup>, Кунакова К. У.<sup>2</sup>

<sup>\*1</sup>докторант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail:  
gaukhar1306@mail.ru

<sup>2</sup>п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail:  
saule.gosteva@mail.ru

**Аңдатпа.** Қытай тілін шетел тілі ретінде үйренушілер саны әлем бойынша жылдан-жылға прогрессивті динамикамен артып келе жатқан үдеріс. Бұл ҚХР-дың экономикалық өсімі мен саяси тұрақтылығының нәтижесі болып табылады. Ал, Қазақстан үшін ҚХР экономикамыздың түрлі салаларында басты ірі инвестордың бірі. Сондықтан, қытай тілін тек тіл мамандары емес, сонымен қатар шеттілдік кәсіби қарым-қатынас орнатуға құзыретті тілдік емес мамандардың да меңгергені жөн. Ал, қытай тілін тілдік емес мамандықтар студенттерінің спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыра оқыту әдістемесін жетілдіру әлем бойынша өзектілігін жоғалтпаған мәселе.

Шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқыту арқылы қалыптастыру көзделеді. Бұл мақала шеңберінде қытай тілін сөйлеу әрекетінің түрі – оқылым бойынша шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі көрсетілді. Оқылым бойынша берілетін мәтіндерді іріктеу, саралау, талдау тәсілдері ұсынылды. Қытай тілінің оқылым барысында кездесетін өзіне тән құрылымдық, мәдени, тілдік ерекшеліктері анықталды, оларды ажырату жолдары айқындалды. Қытай тіліндегі мәтіндерді игеру мақсаты студенттердің бойында сөйлеу қатынасын дамыту арқылы кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Ол үшін мәтінмен жұмыс барысында кезең-кезеңімен ұйымдастырылатын интенсивті оқу тәсілі қолданылады. Мәтінді неғұрлым тиянақты түсіну және жан-жақты талқылау үшін әр кезең бойынша рецептивті, репродуктивті, және продуктивті жаттығулар желісі ұсынылады. Осылайша, аталмыш мақала шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда өнімді нәтижеге жету мақсатында тілдік емес мамандықтар студенттеріне қытай тілі мәтіндерін талқылаудың тиімді тәсілдерін айқындауға бағытталған.

**Тірек сөздер:** Тілдік емес мамандықтар, оқылым, коммуникативтік құзыреттілік, қытай тілі, қытай мәтіндері, қытай иероглифтері, мәтінмен жұмыс, интенсивті оқыту.

### Негізгі ережелер

Қазіргі жаһандану үрдісі халықтар мен топтар арасындағы мәдени ғана емес, саяси, тіл байланыстарын да дамытуға өз әсерін тигізуде. Осы тұрғыдан алғанда, әлемде өз салмағы бар, экономикалық, саяси, әлеуметтік өсімі таңдай қақтырарлықтай, бізбен көршілес жатқан алып державалардың бірі бұл – Қытай Халық Республикасы. Қытай елімен тығыз қарым-қатынастарды экономикамыздың барлық салаларында орнату күн тәртібінен түскен мәселе емес. Сол себепті, еліміздің өркендеуіне сан тараптан үлес қосатын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісінде қытай тілінің маңыздылығы мен орнын ерекше атап өту шарт [1]. Қазақстан Республикасында білім беруді және

ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетілген [2]. Осыған орай, еліміздің өңірлерінде ірі жұмыс беруші компаниялардың басым бөлігі Қытаймен байланыс орнатуына байланысты қытай тілін үйрену қажеттілігі туындап отыр. Солардың бірі тілдік емес сала мамандарының қытай тілінде коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуы. Көптеген ғалымдардың берген анықтамасы бойынша шетілдік коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз сөйлеу әрекеті түрлерін пайдалана отырып шетел тілінде тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас орнату мүмкіндігі [3].

### **Кіріспе**

Қытай тілі әлемдегі меңгерілуі күрделі тілдердің бірі, оқшауланған тілдер қатарына, сино-тибеттік тілдер отбасы тобына жатады. Қытай жазуы алфавиттік жазуға емес, таңбалық, яғни иероглифтік жазуға негізделген. Иероглифтер қытай мәдениетінің, болмысы мен тарихының, өркениетінің семантикалық және логикалық үлгісін бейнелейді. Бір иероглиф бір буынды, кейде бір сөзді білдіруі мүмкін және бұл иероглифті тани алу сол елдің «мәдени кодын» декодтаумен түсіндіріледі [4]. Қытай тілі сабағында студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру сөйлеу әрекетінің түрлері арқылы жүзеге асырылады. Бұл мақалада сөйлеу әрекетінің түрі – оқылым бойынша тілдік емес мамандықтар студенттеріне сабақ үстінде қытай мәтіндерімен жұмыс істеуде өнімді нәтижеге жету үшін пайдаланылатын тәсілдер келтіріледі. Себебі тілдік емес мамандықтар студенттеріне шетел тілін үйренуге бөлінетін сағат санының тілдік мамандықтар бағытына қарағанда аздығы оқытушы тарапынан шектеулі уақыт шеңберінде шетілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін үлкен кәсіби шеберлік пен ізденісті талап етеді. Оқылым тыңдалым сияқты сөйлеу әрекетінің рецептивті түріне жатады. Дегенмен, И. А. Зимняяның пікірінше оқылым барысында адамның оқыған ақпараты жайлы бір ой қорытындысына келуін нәтиже ретінде қабылдап продуктивті түрге жатқызуымызға болады делінген [5]. Қалай болғанда да, қытай тілінде берілген ақпаратты оқи алу, яғни алдында тұрған иероглифтерді тану және дыбыстай алудан басқа, оның дұрыс аудармасын түсініп, белгілі-бір ой қорытындысына келу қытай тілін үйренушілерден қажырлы еңбекті талап ететіні анық.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу барысында саралау, салыстыру, жүйелеу, талдау және салыстыру әдістері қолданылды. Оқылымға арналған дидактикалық материалдар қытай тілі бойынша берілген бағдарламалық тақырыптарға сәйкес мәтіндер арқылы білім алушылардың бойындағы коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Ол мәтіннің тақырыптық ерекшелігі мен коммуникативтік міндеттерін ескеру және ақпараттың тереңдігі мен жан-

жақтылығы әртүрлі деңгейдегі ақпаратты алу (мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну; қажетті / қызықтыратын ақпаратты іріктеп алу), компенсаторлық дағдыларды пайдалану (тілдік және контекстік болжамды ұғыну; әр түрлі түрдегі сөздіктер мен анықтамалық әдебиеттерді пайдалану) арқылы жүзеге асырылады [6].

Қытай тіліндегі мәтіндерді оқу барысында білім алушылар келесідей дағдыларды игеруі тиіс:

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтау;
- Тақырыбына, алғашқы сөйлемдерге қарап, мәтіннің мазмұнын болжай алу;
- Негізгі ақпаратты қосалқы ақпараттан ажырата білу;
- Негізгі фактілерді анықтай алу;
- Келтірілген суреттер, графика, кестелер бойынша да мәтін мазмұнын болжау;
- Берілген ақпараттарды белгілі-бір түрге қарай топтастыра, жіктей білу;
- Мәтіннің құндылығын бағалай білу;
- Түрлі екі тілді сөздіктерді қолдану алу және т.б.

Дегенмен, қытай тілі оқшауланған тілдер қатарындағы тіл болуына байланысты қытай тіліндегі мәтіндерді оқу барысында бірқатар қиындықтар орын алады. Бұл ең алдымен, тілдің фонетикалық түсіндірмесі бар әріптерге емес, иероглифтік жазуға негізделуінде. О. А. Масловецтің пайымдауынша, бастапқы деңгейде білім алушылар ең алдымен иероглифтің негізгі сызықтарымен, кілттерімен, оның жазылу ретімен танысады, сол арқылы продуктивті және рецептивті лексикалық қорларын қалыптастырады және қытай тіліндегі мәтін осы өтілген лексикалық бірліктерден ғана құралмаса, оны түсіну деңгейі күрт төмендейді [7]. Екіншіден, қытай тіліндегі мәтіндерді дауыстап оқыған кезде иероглифтің тонын дыбыстауда жіберілген қателік, мағынасының өзгеруіне алып келетінінде, яғни иероглифтің фонематикалық бейнесінің дұрыс қолданылуы. Үшіншіден, иероглифтік білімдердің жеткілікті қалыптаспауына байланысты тілдік интерференцияда қиындықтардың туындауы, дәлірек айтсақ, иероглифтерді ұқсас композициялық элементтерден дифференциациялау қиындығы. Мысалы: «很» (hě) – «өте» және «跟» (gēn) – «бірге» иероглифтерінің ортақ фонетикалық элементінің болуы, ол «艮» (gě) «қарапайым» деген мағынаны білдіреді; «那» (nà) – «анау», «аналар» және «哪» (nǎ) – «қай», «қайсы» иероглифтерінің ортақ фонетикалық элементі «那»; «吗» (ma) – сұраулық шылау және «妈» (mā) – «мама» иероглифтерінің ортақ фонетикалық элементі «马» (mǎ) – «ат, жылқы». Бұдан бөлек жазылуы бірдей, бірақ оқылуы әртүрлі иероглифтерді дифференциациялаудағы қиындықтар, мысалы: «乐» (lè) – «көңілді, қуанышты», және «乐» (yuè) – «музыка», «觉» (jiào) – «түс көру» және «觉» (jué) – «сезіну», «行» (háng) – «жолақ, жол» және «行» (xíng) – «жүру».

Қытай тілінде грамматикалық формалардың, сөздердің тұрақты орналасу тәртібінің болмауы оқылым барысында студенттердің алдында тағы

бір қиындық туғызады, себебі, қытай тіліндегі сөздер көбіне екі немесе үш иероглифтен құралатыны белгілі, ал осы иероглифтердің орын алмасуы бір-бірінің мағынасын толықтыруы, нақтылауы мүмкін [8]. Мысалы, «讲演» (jiǎngyǎn) – «сөз сөйлеп шығу» және «演讲» (yǎnjiǎng) – «сөз сөйлеу», «适合» (shìhé) – «сәйкес келу» және «合适» (héshì) – «сәйкесінше», «式样» (shìyàng) – «пішін» және «样式» (yàngshì) – «модель». Бұндай сөздердің мағынасы ұқсас болғанымен, олар әр түрлі сөз таптарына жатуы мүмкін және осынысымен қиындық туғызады. Мысалы, «在» (zài), «给» (gěi), «被» (bèi) сияқты көмекші сөздер сөйлемде етістік болып баяндауыштың қызметін атқаруы мүмкін. Осының барлығы, оқылым барысында мәтінді түсінуге қиындықтар туғызады.

### Нәтижелер және талқылау

Студенттердің мәтінді толыққанды түсінуі үшін оқытушы Сюй Зылияң мен У Жыңфу өздерінің «Қытай тілін шетел тілі ретінде оқытудың практикалық әдістемесі» атты еңбегінде көрсетіп кеткендей интенсивті оқылым түрі бойынша қолданылатын келесідей тәсілдерге көңіл бөлуіне болады:

- Мәтінді оқу алдындағы жұмыс
- Мәтінмен жұмыс
- Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс [9].

Студенттер алдына жаңа мәтін ұсынылар алдында мәтінде кездесетін жаңа сөздермен сөздік арқылы жұмыс жүргізіледі, бұл жұмыс тілді жаңадан меңгеру кезеңінде аудиторияда жүргізілсе, біраз тәжірибе жинағаннан кейін Yang, J., Yin, C. X., & Wang, W. сияқты ғалымдар төңкерілген сынып тәсілін қолдануды ұсынады [10]. Бұл студенттердің іздемпаздық қасиетін арттырып, онлайн дәрістердің дамуына үлес қосады. Дей тұрғанымен, жаңа мәтінмен танысу алды кезеңінде студенттер жаңа сөздердің қолданыс аясын толығымен меңгергені дұрыс. Ол үшін келесідей жаттығу жұмыстары жүргізіледі:

- Жаңа сөздерді талдау;
- Жаңа сөздерді тақтаға жазу;
- Жаңа сөздерді қолданып, сөйлем құрау;
- Жаңа сөздердің аудармасын табу;
- Жаңа сөздерді бос орындарға тиісінше қойып шығу;

汉语教程第一册下 оқулығынан алынған мәтін бойынша мысал келтіре кетейік, қарамен берілген сөздер жаңа сөздер.

我的宿舍不太安静。所以下午我常去图书馆学习。我在哪儿看书，看中文杂志，有时候还在哪儿看中国电影和电视剧。现在我很少看英文的东西。有时候上网跟朋友们聊天儿。

Алдымен, студенттерді қарамен жазылған жаңа сөздермен таныстырып, олардың қолдану аясын кеңінен түсіндіру қажет. Содан кейін, оларды тақтаға дұрыс жазу және оқу жұмысы жүргізіледі.

1- жаттығу. Жаңа сөздерді жазу және оқу.

宿舍	有时候	电视剧	上网	聊天儿
安静	电影	东西	跟	

Бұл ұжымдық формадағы рецептивті жаттығуды орындауда студенттер қытай тілінің дыбыстық жағын имитациялық белсенділікпен қатар меңгереді. Студенттер ойлана отырып, аудитория алдында иероглифті бейнелеуі оның когнитивті жүйеде бекітіліп ұзақ мерзімді жадыда есте қалуына жол береді.

2- жаттығу. Жаңа сөздермен сөйлем құрау.

宿舍...	东西...
安静...	上网...
有时候...	跟...
电影...	聊天儿...
电视剧...	

Продуктивті түрдегі бұл жаттығу жеке формада жүзеге асырылады және жүйелілік принципін ұстануды көздейді. Студенттердің жаңа өтілген сөздердің қолданыс аясының кеңейтілген нұсқасын сезінуге және өздігінен қолданып көру арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

3- жаттығу. Сөздердің аудармасын дұрыс нұсқасымен сәйкестендіріңіз.

东西		тыныш
上网		кейде
电影		зат
安静		кино
有时候		интернетке қосылу

Сөздердің аудармасын дұрыс нұсқасымен сәйкестендіру арқылы студенттер жаңа өтілген лексикалық бірліктердің есте сақталу деңгейін тексереді және жеке орындаумен басталған бұл жаттығу түрі ұжымдық формаға жалғасып өздерінің қателіктерін талқылауға мүмкіндік береді.

4- жаттығу. Бос орынға тиісті сөздерді қойып шығыңыз.

我的...不太...。 所以下午我常去图书馆学习。我在哪儿看书，看...杂志， ... 还在哪儿看中国...和...。现在我很少看英文的...。 有时候...朋友们...。

Бұл репродуктивті түрдегі жаттығуды орындау студенттердің ойлау қабылетін дамытып, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

Берілген мәтіндегі жаңа сөздерді жаттығулар арқылы жан-жақты бекітіп болғаннан кейін, кездесетін грамматикалық конструкцияларға назар аудару қажет. Мысалы, аталмыш мәтінде жаңа сөз болып бізге 跟- жалғауы кездесіп отыр. Ендігі кезекте осы жалғаудың сөйлемдегі құрылымдық қолданысына тоқталамыз.

跟 - бірге деген мағынаны білдіреді, бастауышқа +-мен, -менен, -бен, -бенен, -пен, -пенен жалғауларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, 我跟他学习汉语 (Мен онымен қытай тілін оқимын).

跟 – сөйлемде іс-әрекет кіммен орындалатынын көрсетеді, екінші зат есімнің алдында қойылады.

Бастауыш 1 + 跟/和 + Бастауыш 2 (кіммен) + Баяндауыш + Толықтауыш

Сонымен қатар, 跟 жалғауы көбінесе 一起(yīqǐ, бірге) сөзімен бірге етістіктің алдына қойылып қолданылады. 我跟他一起学习汉语 (Мен онымен бірге қытай тілін оқимын).

Студенттердің грамматиканы қаншалықты түсінгенін практикалық тапсырмалар арқылы тексеруге болады.

1. 跟 – жалғауын тиісті орынға қой.
2. Берілген сөйлемді 跟 – жалғауын қолданып, өзгерт.
3. 跟 – жалғауын қолданып өз бетіңше сөйлем құрастыр.

Мәтіндегі жаңа сөздермен толықтай танысып, грамматикалық конструкциялар қолданысын қарастырып болғаннан кейін, келесі негізгі кезең – мәтінмен жұмыс кезеңіне ауысамыз. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар:

- мәтінді сөйлем түрлеріне қарай ажыратамыз, яғни хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемге жатуы;
- жаңа сөздердің қолданысына назар аударамыз, яғни қандай тіркестермен келуі мүмкін;
- контекст бойынша сөздердің тура немесе ауыспалы мағынада болуын ажыратамыз;
- сөйлем құрылымына тоқталамыз, яғни сөздерді сөз таптары бойынша жіктейміз.

Берілген мәтіннің аудио нұсқасын тыңдау студенттердің аудиалды аппараттарының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді және мәтінді оқу барысын оқытушы тарапынан қадағалауға септігін тигізеді. Бұл кезеңде мәтінді оқып аудару, дауыстап оқу, іштей оқу, сөйлем сөйлем бойынша кезектесіп оқу, мәнерлеп оқу сияқты жұмыс түрлері қолданылуы мүмкін.

Ендігі кезең мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде біз студенттердің мәтінді қаншалықты дұрыс түсінгендерін жаттығулар арқылы анықтаймыз.

- 1- жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.
  - 她的宿舍怎么样?
  - 她什么时候去图书馆?
  - 有时候在图书馆他做什么?
  - 她上网跟谁聊天儿?

Репродуктивті түрдегі бұл жаттығу студенттердің мәтінді қаншалықты дұрыс түсінгендігі жайлы ақпарат береді және түсінбеген немесе дұрыс түсінбеген сұрақтарды шығаруға көмектеседі.

- 2- жаттығу. Берілген сөйлемдерге бірнеше сұрақ қойыңыз.

Мысалы: 所以下午我常去图书馆学习。

- 她什么时候去图书馆学习?
- 她下午去哪儿学习?
- 她下午去图书馆做什么?
- 下午谁去图书馆学习?

Жаттығудың бұл репродуктивті түрі арқылы сөйлемде берілген әр сөзге сұрақ қою арқылы сөйлемнің грамматикалық құрылысы жіті түсіндіріледі және оқылатын тілде ойлау қабілеті дами түседі, яғни ана тіл мен шетел тілдеріндегі сөйлем құрылысының реттілі дифференцияланады.

Келесі продуктивті түрдегі жаттығулар студенттерге ұқсас жағдаяттық жағдайларда шетелдіктермен қарым-қатынасқа түсу кезінде қалыптасқан коммуникативтік құзыреттілігін қолдануға мүмкіндік береді.

3- жаттығу. Берілген мәтінді диалогтық мәтінге айналдыру.

4- жаттығу. Мәтінді сурет бойынша бейнелеу.

Қорыта келгенде, оқылым барысындағы мәтінмен жұмыс студенттердің танымдық ой-өрісін кеңейтіп, тілдік құзыреттіліктердің барлық түрін дамытуға ықпал етеді. Қазіргі таңда қолданылып отырған тілдік емес мамандықтар студенттерінің кәсіби бағытын ескере отырып қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби бағытталған құзыреттілікті қалыптастыра оқыту әдістемесі айтарлықтай тиімді нәтижеге алып келе алмауда. Бұл тұжырымды кәсіби қарым-қатынас жасауға қажетті белгілі бір шеттілдік білімдер регистрін меңгерген білікті мамандар тапшылығы, сонымен қатар қытай тілі бойынша мамандандырылған оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі растайды. Сол себепті, ЖОО оқытушылары өздігімен сабақ барысында неғұрлым пайдалы әдістемелік бағыттарды таңдап сабақ жүргізуге мәжбүр.

### **Қорытынды**

Бүгінгі күнгі қоғам сұранысы мен заман талабына, білім беру парадигмасына сай шетел тілдерін үйрену азаматтарымыздың сауаттылық деңгейін көтеріп, қызмет саласында өздерін сенімді сезінулерінің көрсеткіші болып табылады. Қытай тілін оқыту барысында студенттердің коммуникативтік, сөйлеу құзыреттілігін қалыптастырудың ажырамас бөлігі, бұл мәтінмен жұмыс болып табылады. Мәтінмен жұмыс практикалық сабақтар барысында интенсивті тәсіл арқылы жүзеге асырылады, яғни, оқытушы үш кезеңнен құралған жұмыс жүргізеді. Мәтінді оқығанға дейін мазмұнына қарай кездесетін жаңа лексикалық бірліктерді игеру бойынша жаттығулармен жұмыс, мәтінді дауыстап, іштей, кезек-кезек сияқты оқу, аудару жұмысы және мәтінді оқып болғаннан кейінгі оны талқылауға бағытталған жаттығулар жұмысы іске асырылады. Осылайша, студенттердің бойында шетел тілін үйренудің басты мақсаты коммуникативтік қатынасқа түсу шарттарының бірі машықтандырылады және тақырып шеңберінде когнитивті-концептуалды бейнесі қалыптасады.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Seitova G., Kunakova K., Jeldybayeva R. Tursynali Z. Formation of profession-oriented chinese language competency in non-language major students // Revista EntreLinguas,

Araraquara. – 2021. – №7(2). e021010, DOI: 10.29051/el.v7iesp.2.15136. URL: <https://periodicos.fclar.unesp.br/entrelinguas/article/view/15136>. [Date of access: 18.05. 2022].

[2] Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 27 желтоқсандағы №988 қаулысы. – Кіру режимі: URL: <https://primeminister.kz/assets/media/r-bilim-berudi-zhne-ylymdu-damyudy-2020-2025-zhyldara-arnalan-memlekettik-badarlamasy.pdf> [қаралған күні: 01.05.2022].

[3] Соболева Е. А., Казанцева Н. А. Иноязычная коммуникативная компетенция как цель обучения иностранным языкам в основной общеобразовательной школе //Наука и образование сегодня. – 2020. – №1 (48). – С. 49-52.

[4] Просвиркина И.И., Студей О.В. Обучение китайскому языку при помощи ментальных карт //Вестник ОГУ. – 2018. – №4 (216). – С. 56-64.

[5] Зимняя И. А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. –М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 42 с.

[6] Seitova, G., Kunakova, K., Yakunina, T. The Formation of a Foreign Language Professionally-Oriented Competence among Students of Technical Specialties in the Chinese Language //International Journal of Society, Culture & Language. – 2021. – №9(2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), – p.137-150.

[7] Масловец О.А. Китайский язык. 2-11 классы: Примерная программа для учащихся общеобразовательных учреждений. - М.: Восточная книга, 2012. – 60с.

[8] Семенас А.Л. Лексика китайского языка: Базовый учебник. – М.: Восток-Запад, 2005. – 310 с.

[9] Сюй Цзилян, Ву Ренфу. Қытай тілін шетел тілі ретінде оқытудың практикалық әдістері: -3-басылым. - Пекин: Пекин университетінің баспасы, 2013. – 140 б.

[10] Yang, J., Yin, C. X., &Wang, W. Flipping the classroom in teaching Chinese as a foreign language // Language Learning & Technology, – 2018. – №22(1), – p.16–26 URL: <https://dx.doi.org/10125/44575> [Date of access: 18.05. 2022].

## REFERENCES

[1] Seitova G., Kunakova K., Jeldybayeva R. Tursynali Z. Formation of profession-oriented chinese language competency in non-language major students // Revista EntreLinguas, Araraquara, – 2021. – №7 (2). e021010, DOI: 10.29051/el.v7iesp.2.15136. URL: <https://periodicos.fclar.unesp.br/entrelinguas/article/view/15136>. [Date of access: 18.05. 2022].

[2] Kazakhstan Republicsynda bilim berudi zhane gylymdu damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы (State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025). Kazakhstan Republicsy Ykimetinin 2019 zh. 27 zheltoksandagy No. 988 kaulysy. – Kiru rejimi: URL: <https://primeminister.kz/assets/media/r-bilim-berudi-zhne-ylymdu-damyudy-2020-2025-zhyldara-arnalan-memlekettik-badarlamasy.pdf> [karалған күні: 01.05.2022]. [in Kaz]

[3] Soboleva E. A., Kazantseva N. A. Inoyazychnaya kommunikativnaya kompetentsiya kak tsel' obucheniya inostrannym yazykam v osnovnoi obshcheobrazovatel'noi shkole (Foreign Language Communicative Competence as the Goal of Teaching Foreign Languages in the Basic School) //Nauka i obrazovanie segodnya. – 2020. – №1 (48). – p. 49-52. [in Rus]

[4] Prosvirkina I.I., Stuley O.V. Obucheniye kitayskomu yazyku pri pomoshchi mental'nykh kart (Teaching the Chinese language with the help of mental maps) //Vestnik OSU. – 2018. – №4 (216). – S. 56-64. [in Rus]

[5] Zimnyaya I. A. Klyucheveye kompetentnosti kak rezul'tativno-tselevaya osnova kompetentnostnogo podkhoda v obrazovanii (Key competencies as a result-target basis of the competency-based approach in education). – М.: Issledovatel'skii tsentr problem kachestva podgotovki spetsialistov, 2004. – 42 s. [in Rus]

[6] Seitova, G., Kunakova, K., Yakunina, T. The Formation of a Foreign Language Professionally-Oriented Competence among Students of Technical Specialties in the Chinese Language //International Journal of Society, Culture & Language. – 2021. – №9(2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), – p. 137-150.

[7] Maslovets O.A. Kitaiskii yazyk. 2-11 klassy (Chinese. 2-11 grades): Primernaya programma dlya uchashchikhsya obshcheobrazovatel'nykh uchrezhdenii (Chinese language. Grades 2-11: An approximate program for students of general education institutions). – M.: Vostochnaya kniga, 2012. – 60 s. [in Rus]

[8] Semenas A.L. Leksika kitaiskogo yazyka (Chinese vocabulary): Bazovyi uchebnik. – M.: Vostok- Zapad, 2005. – 310 p. [in Rus]

[9] Xu Jiliang, Wu Renfu. Kytai tilin shetel til retinde okytudyn praktikalik adisteri (Practical methods of teaching Chinese as a foreign language): -3-basylym. - Beijing: Beijing University Baspasy, 2013. - 140 p. [in Chinese]

[10] Yang, J., Yin, C. X., &Wang, W. Flipping the classroom in teaching Chinese as a foreign language // Language Learning & Technology, – 2018. – №22(1), – p.16–26 URL: <https://dx.doi.org/10125/44575> [Date of access: 18.05. 2022].

## **ФОРМИРОВАНИЕ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ С ПОМОЩЬЮ КИТАЙСКИХ ТЕКСТОВ**

\*Сеитова Г. А.<sup>1</sup>, Кунакова К. У.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>докторант КазУМОиМЯ имени Абылай хана,  
Алматы, Казахстан e-mail: gaukhar1306@mail.ru

<sup>2</sup>д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана,  
Алматы, Казахстан e-mail: saule.gosteva@mail.ru

**Аннотация.** Число изучающих китайский язык как иностранный-процесс, который с каждым годом растет с прогрессивной динамикой по всему миру. Это является результатом экономического роста и политической стабильности КНР. Для Казахстана КНР является одним из главных инвесторов в различных отраслях экономики. Поэтому изучение китайского для профессионального иноязычного общения непосредственно специалистами своей отрасли, то есть студентами неязыковых специальностей и совершенствование методики преподавания с учетом специфики специальности является актуальным вопросом во всем мире. Предполагается формирование иноязычной коммуникативной компетенции через обучение по видам речевой деятельности. В рамках данной статьи была продемонстрирована методика формирования иноязычной коммуникативной компетенции по виду речевой деятельности – чтению. Предложены способы отбора, дифференциации, анализа текстов, передаваемых по чтению. Выявлены характерные структурные, культурные, языковые особенности китайского языка, встречающиеся в процессе его изучения, определены пути их различения. Целью освоения текстов на китайском языке является формирование у студентов профессиональной коммуникативной компетенции через развитие речевого общения. Для этого используется интенсивный способ чтения, который организуется поэтапно в процессе работы с текстом. Для более четкого понимания и всестороннего обсуждения текста предлагается линия рецептивных, репродуктивных и продуктивных упражнений на каждом этапе. Таким образом, данная статья направлена на определение эффективных способов обсуждения текстов китайского языка для студентов неязыковых специальностей с целью достижения продуктивного результата в формировании иноязычной коммуникативной компетенции.

**Ключевые слова:** Неязыковые специальности, чтение, коммуникативная компетенция, китайский язык, китайские тексты, китайские иероглифы, работа с текстом, интенсивное чтение.

# FORMATION OF FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE COMPETENCE IN NON-LINGUISTIC STUDENTS THROUGH CHINESE TEXTS

\*Seitova G.A.<sup>1</sup>, Kunakova K. U.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD student, Abylai Khan Kazakh UIRandWL, Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: gaukhar1306@mail.ru

<sup>2</sup>d.p.s., Professor, Abylai Khan Kazakh UIRandWL, Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: saule.gosteva@mail.ru

**Abstract.** The number of learners of Chinese as a foreign language is a process that is growing at a progressive rate every year around the world. This is a result of the economic growth and political stability of the PRC. For Kazakhstan, the PRC is one of the main investors in various sectors of the economy. Therefore, it is desirable that the Chinese language be studied not only by language specialists, but also by non-linguistic specialists competent in building foreign-language professional communication. Improvement of the methodology of teaching Chinese language with formation of language competences taking into account specific features of students of non-linguistic specialties has not lost its relevance in the world.

It is supposed to form foreign language communicative competence through teaching by types of speech activity. In the framework of this article the methodology of formation of foreign language communicative competence by the type of speech activity - reading - was demonstrated. The methods of selection, differentiation, and analysis of texts communicated through reading have been proposed. The characteristic structural, cultural, linguistic features of the Chinese language encountered in the process of studying it are revealed and the ways of their differentiation are determined. The aim of mastering texts in Chinese is to form students' professional communicative competence through the development of speech communication. For this purpose an intensive way of reading is used, which is organized step-by-step in the process of working with the text. A line of receptive, reproductive and productive exercises at each stage is proposed for a clearer understanding and comprehensive discussion of the text. Thus, this article aims to identify effective ways of discussing Chinese texts for non-linguistic students in order to achieve a productive result in the formation of foreign language communicative competence.

**Key words:** Non-linguistic specialties, reading, communicative competence, Chinese language, Chinese texts, Chinese characters, text processing, intensive reading.

*Статья поступила 14.07.2022*